



Қарасай ауданы

← (Басы 1-бетте)

Оның бастамасымен құрылған «Отырар сазы» оркестрі – қазақ музыкасының алтын дiңгегі. Бұл оркестр арқылы ұлттық күйлеріміз жаңа қырынан түлеп, әлемдік сахналарға жол тартты. Ол ұлттың үнін жаңғыртып қана қоймай, болашақ ұрпаққа мәңгілік аманат қалдырды. Қазақ өнерін сүйген ұлы перзентіміздің еңбегі халықтың жүрегінде, елдің есінде мәңгі сақталмақ. Оның асқақ туындылары жас ұрпақты отансүйіштікке, елдік пен бірлікке тәрбиелейді. Біз осындай заңғар тұлғалардың арқасында рухымызды биіктетіп, елдігімізді асқақтатамыз.

Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойы – баршамыз үшін үлкен тарихи белес. Бұл күн – тек өнер мерекесі ғана емес, ұлттық рухты жаңғыртатын, елдік мұратты дәріптейтін ерекше сәт. Осы мерейлі күні біз ұлы композитордың рухына тағзым етіп, оның мәңгілік мұрасына бас иеміз.

Ұлы тұлғаның ғасырлық мерейтойы құтты болсын! Еліміздің еңсесі биік, өнеріміздің өрісі кең, ұрпағымыздың рухы асқақ болсын!» – деді облыс басшысы.

Жиында мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Нұрлан Оразалин қазақ халқының ұлы перзенті жайындағы саликалы пікірін ортаға салды. Қазақтың еркесі мен серкесі бола білген Нұраға жайлы толғанысты ойларын саптады. Қазақтың ұлан-ғайыр жерінде сан ғасырдан бері халқымызбен бірге жасысып келе жатқан рухани мұрасын дарынды композитор заманға сай жаңғыртып, қаншама күйге жан бітіріп, оны «Отырар сазы» оркестрі арқылы әлемдік деңгейде шығарғанын айтты. Халқына музыка, өнер дейтін ұлы кеңістіктің қаншалықты қажет екенін және оның өлмес мәңгілік қасиеті қазақ халқының рухани өмірін жаңғыртатын құбылыс екенін әлемге дәлелдегенін тілге тиек етті.

«Біз Нұрғиса ағамыздың қасында жүріп, бүкіл болмысына тәнті болған буынның өкіліміз. Қазақ өнеріндегі орнын екі ауыз сөзбен жеткізу қиын. Өрісі соншама кең болса, халқымыздың мәңгілік өмір сүруіне жасаған еңбегі де сондай ерен. Оркестрді ұйымдастырды, оның сыртында өзінің қаншама құдіретті күйлері бар?! Өнерді бағалай білетін халықпыз. Киелі де қасиетті жерімізді қанымен, жанымен қорғап, қолынан найзасын түсірмеген Қарасай сияқты батыр бабаларымыз өткен бұл өлкеде. Халықтың абыройын

КӨКБАСТАУДАҒЫ КҮЙШІ ТОЙЫ



жалынды жырымен қорғаған кешегі ұлы ақындар Сүйінбай мен Жамбылдың мекені мына топырақ. Ұлы Алатаудың бөктері қазаққа қаншама сайыпқыранды бергенін жақсы білеміз. Солардың бірі де бірегейі— Нұрғиса ағамыз. Талантымен, қайталанбас қарымды мінезімен артына мол мұра қалдырып кетті. Биылғы мерейтойлы жылда дүниенің төрт бұрышына қазақтың ұлы өнері насихатталып жатыр. Бейжің, Париж, Мәскеу, Бішкек, Ташкент тыңдаушылары ұлы өнері бар қазақ дейтін халықтың құдіретін Нұрғиса Тілендиев арқылы тағы бір таныды. Бұл жаңғыз Тілендиевтің 100 жылдығы емес, бүкіл елдің тойы. Осындай дара талантты сыйлаған қазақ халқына басымды иіп тағзым етемін.

Күйлерін тыңдағанда «Патша Құдай, сыйындым, Тура баста өзіңе. Жау жағадан алғанда, Жан көрінбес көзіме» дейтін Абайдың бүкіл сарыны келеді құлағымызға. «Ереуіл атқа ер салмай, Егеулі найза қолға алмай, Еңку-еңку жер шалмай, Қоңыр салқын төске алмай, Тебінгі терге шірімей, Терлігі майдай ерімей, Ерлердің ісі бігер ме?» деген Махамбеттің күшін сезіндік. Оның бәрі Тілендиевтің шығармашылық құдіреті арқылы халықтың жүрегіне екінші рет сарын, музыка, саз болып жетті. Өлмес өнер жаратқан, өрісі кең қазақ дейтін халықтың біртуар ұлы перзенті – Нұрғисаның туған жерінде бабаларының аруағы, ұлы халқының қолдауының арқасында екінші өмірі басталып отыр. Өлмес өнер халқымен бірге жасасын!» – деп түйіндеді сөзін Нұрлан Мырқасымұлы.

Одан кейін сахнада Нұрғиса Тілендиев атындағы академиялық фольклорлы-

этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінің мерекелік концерті басталып, күмбірлеген күй төгілді. Жиналған жұртшылық оны зор ықыласпен тамашалады. Оркестрдің бас дирижеры және көркемдік жетекшісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Дінзұхра Тілендиева жұртшылық ілтипатына ие болды. Оркестрдің сүйемелдеуінде белгілі эстрада жұлдыздары композитордың әндерін орындады.

Түстен кейін Көкбастау атшабарында дүбірлі бәйге болды. Ат жарысы батақұрдан басталып, қысқа қашықтыққа 20-дан аса ат шапты. Одан бірінші болып Аққайнар ауылынан Үмбетовтер әулетінің жүйрігі келіп, бәйгеге жылқы жеңіп алды. Екінші орында Бақанас ауылынан Мерей Гарифуллиннің сәйгүлігі, үшінші орында Қарасай ауданы Тұрар ауылының аты келіп, олар да осындай сыйлық иеленді.

Одан кейін 40 құнан 11 шақырымдық жарыс жолына шықты. Қорытындысында Жамбыл облысынан Нұрғали Жайлауовтың Бойтұмар атты құнаны бірінші болып келді. Тараз қаласынан Бақыт Ерсұлтанның Қарагөзі екінші болып қара үзді. Павлодар облысы Баянауыл ауылынан Сәкен Кәрімовтің Шах атты жүйрігі үшінші жұлдеге ие болды. Жамбыл облысынан луговойлық Нұржігіт Табылдиев пен көкбастаулық Тастан Жанысбаевтың қос құнаны төртінші және бесінші орындардан көрінді.

Топ бәйгеде 42 тұлпар 17 шақырымға бауыр жаза көсілді. Бұдан Абай облысынан Нұрлан есімді атбегінің жылқысы – Қалқамаң топ жағды. Екінші болып Жамбыл ауданы Жамбыл ауылынан Дүйсебек Смағұловтың Бірханымы

келді, шабандозы – Төрехан Бейбарыс. Үшінші орынды Нұржігіт Табылдиевтің тағы бір жүйрігі – Найза жеңіп алды. Төртінші жұлдені Абай облысы Мақаншы ауданының, бесіншіні Жамбыл облысы Меркі ауданының ат иелері еншіледі.

Аламан бәйгеде 43 сәйгүлік 27 шақырымға жүйткіді. 9 жарым айналым бойы құстай ұшуға тұлпардың тұлпары шыдас беріп, ақыр соңында бірі ілгері, бірі кейіндеп, кейбірі қатарласа, құйрық тістесе 7 жүйрік мәреден өтті. Сөйтіп Жетісу облысынан Марат Ақберлиновтің әйгілі Жұмыртұяғы алдына қара салмай келді. Екінші болып Жамбыл Бөбекбайдың Сарматы, үшінші орында Балқаш ауданынан Қасым Алтынбайдың Байқоңыры келді. Қырғызстаннан Шабидин Токтосаровтың Қарагері төртінші, жетісулық Алмас Ақназардың Сұңқары бесінші орынды иеленді. Алтыншы және жетінші болып қырғызстандық Ерлан Раманқұловтың Бүркіті мен Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданынан Мақанғали Қазбековтің Көкнәрі жарыс жолын аяқтады.

Құнан мен топ бәйгенің бірінші орындарына, ал аламанның алғашқы екі орнына бәйгеге отандық және шетелдік су жаңа автокөліктер тігілді. Одан кейінгі орындарға бір жарым миллион теңгеден басталатын ақшалай сыйлықтар белгіленді. Жеңімпаздар жеңіс тұғырында салтанатты жағдайда марапатталып, жүлделерін мемлекет және қоғам қайраткерлері, аудан әкімі Нұрлан Ертас және депутаттар тапсырды. Қазақтың маңдайына біткен дара тұлғасының мерейтойын өзінің кіндік қаны тамған жерде лайықты өткізуге аймақ азаматтары ұйымшылдық танытып, демеушілік көрсетуде осылайша біркісідей атсалысты.

Ал бұдан бір күн бұрын Ұзынағаш ауылындағы аудандық Мәдениет үйінде қазақтың ұлы композиторы, Халық қаһарманы, дирижер әрі домбырашы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы даланың Нұрғисасы» атты халықаралық ақындар айтысы өтті. Жыр додасына еліміздің әр өңірінен және Қырғыз Республикасынан белгілі айтыскерлер келіп, өзара сөз сайысына түсті. Айтыс барысында елдік пен бірлік, тәуелсіздік пен руханият, ұлттық өнерді дәріптеу тақырыптары

кеңінен жырланды. Мәдениет үйінің іші көрерменге лықа толып, орын жетпегендер тік тұрып тамашалады. Ал ине шаншар орын қалмаған көрермен залына бас сұға алмағандар фойеде орнатылған веб-экраннан көрді. Өнерсүйер қауым ақындардың суырыпсалма шеберлігіне тәнті болып, айтысты ыстық ықыласпен қабылдады.

Қазылар алқасына Жүрсін Ерман төрағалық етсе, сөз сайысын Аманжол Әлтаев жүргізді. Алқа құрамында Ғалым Жайлыбай, Кәдірбек Құныпияұлы, Жанарбек Әшімжан, Ақан Әбдуәлі, Берік Жүсіпов сияқты арқалы ақын, ғалымдармен қатар қырғызстандық манасшы Нұрбек Талантбеков айтыскерлердің шеберлігін бағалады. Қазылардың шешімі бойынша Жетісу облысының ақыны Ұларбек Минатхан 3-орынға ие болды. Павлодар облысынан Аспанбек Шұғатайға 2-орын берілді. Қырғызстаннан келген Нұрсұлтан Малдыбаев 1-орынға лайық деп танылды. Бұлар 1-2 миллион теңге аралығында ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ал айтыстың бас жұлдесін Жызылорда облысының ақыны Мейірбек Сұлтанхан жеңіп алып, сүліктей автокөлікті тақымдады. Сонымен қатар айтысқа қатысқан барлық 12 ақынға ұйымдастырушылар тарапынан 400 мың теңгеден қаржылай сыйлық табысталды. Бұл айтыс қазақ өнерінің биік шыңына көтерілген Нұрғиса Тілендиевтің рухани мұрасын дәріптеп, жас ұрпаққа ұлттық өнерді кеңінен насихаттауға бағытталған тағылымды мәдени шара болды.

Бас жұлде иегері Мейірбек Сұлтанхан: «Ең бастысы осындай іс-шараны ұйымдастырған, өтуіне мұрындық болған ел азаматтарына, ертеңнен кешке дейін тапжылмай айтыс көрген Жамбылдың жырсүйер жұртына мың алғыс! Сүйінбайдың елі, Жамбылдың елі, ақындар мен батырлардың елі өнерді қалай құрметтеу, айтысты қалай қадірлеу керек екенін бүгін бір көрсетті деп ойлаймын», – деді.

Қайталанбас өнер иесі Нұрғиса Тілендиевтің «Әлкисса», «Акку», «Махамбет», «Құстар қайтып барады» сынды 500-ден астам музыкалық туындысы халқымыздың рухани қазынасына айналды. Әйгілі күйші-композитордың соңғы аманаты орындалып, 1998 жылдың қазан айында артында қалған ел-жұрты ұлы перзентін көзі тірісінде өзі пір тұтқан жыр алыбы – Жамбылдың жанына жерлеген.

Жамбыл ауданы

ҰЛТТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ – 2025

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Биыл 1 тамыздан 20 қазанға дейін елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы жүргізілуде. Осыған орай, біз Қарасай аудандық статистика басқармасының басшысы Жұмахан Қожаеваға жолығып, санақтың мақсаты, кезеңі, өткізу әдісі мен алғашқы нәтижесі туралы айтып беруін сұраған едік.



● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ ●

Жұмахан Берденқызының айтуынша, бұл жұмыс Мемлекет басшысының 2023 жылғы 26 сәуірдегі тапсырмасына және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1248 қаулысына сәйкес жүргізілуде.

Санақ нәтижесі аграрлық саланың нақты жағдайын көрсетіп, шаруашылықтың жай-күйі туралы жан-жақты ақпарат алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен олардың әлеуеті туралы деректерді жанартуға мүмкіндік береді. Бұл – елдің азық-түлік қорын қалыптастыру үшін өте маңызды. Сонымен қатар өндіріс тиімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясат әзірленеді.

– Ең алдымен, біздің басқарма аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімімен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, нұсқаулық және санақ учаскелерінің шекараларын анықтады, ауыл шаруашылығы құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылықтардың тізімдері нақтыланды, – деді статистика басқармасының басшысы. – Үгіт-насихат материалдарына келсек, барлық ауылдық округте 29 баннер орнатылды. Оның бірі – Бірінші май ауылдық округінде, екі-екіден – Қаскелең қаласында, Ұмтыл және Шамалған ауылдық округтерінде, үшеуден – Әйтей, Елтай, Жамбыл, Жандосов ауылдық округтері мен Жібек жолы округінде, төртеуі Райымбек ауылдық округінде орналастырылды. Сонымен қатар төрт ЛЭД-экран орнатылды, біреуі – Жібек жолы округінде, үшеуі – Іргелі ауылдық округінде. Сондай-ақ, Whatsarpp мессенджеріндегі 275 топтық чат қолданылды.

Жақсы және сапалы жұмыс Жамбыл, Бірінші май, Әйтей, Жандосов, Жібек жолы округтерінде жүргізілді. Ал Шамалған мен Ұмтыл округтерінде жұмыс тұрақты жүргізілсе де, кейбір шаруашылықтар әлі қамтылмаған. Қаскелең қаласы, Елтай мен Райымбек ауылдық округтеріндегі көрсеткіштер төмен, бұл елдімекендерде санақ баяу жүріп жатыр.

222 проблемалық ауыл шаруашылығы құрылымы ерекше назарда. Олардың 190-ы бойынша орналасқан жері белгісіз, салық органдарының базаларында мәлімет жоқ. Сонымен қатар 14 шаруашылықтың басшысы шетелге қоныс аударған немесе демалыста, 10-ының басшылары қайтыс болған, 7-еуі түрлі себеппен санаққа қатыса алмай отыр.

Санақтың алғашқы кезеңінде жеке қосалқы шаруашылықтар (ЖҚШ) да қамтылды. Жоспар бойынша 37077 ЖҚШ-ның 5059-ы өтуі тиіс еді. Бүгінгі күні 2698 шаруашылық онлайн форматта санақтан өтті, бұл жоспардың 53,3%-ын құрайды. Демек, бірінші кезең төмен көрсеткішпен аяқталды.

20 қыркүйектен 20 қазанға дейін қалған 34379 ЖҚШ қамтылады деп күтілуде.

– Екінші кезеңде интервьюерлер кей респонденттердің санаққа қатысудан бас тартуына тап болды. Халық бұл жұмысқа сақтықпен қарайды. Сондықтан көпшілік арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту қажет. Сонымен бірге автобус қатынасы жоқ ауылдарда жергілікті атқарушы органдар санақ персоналының көлікпен қамтамасыз етуі тиіс. Ал интервьюерлердің қауіпсіздігі үшін округ әкімдеріне олардың жұмысын учаскелік полиция инспекторларымен үйлестіру ұсынылады. Осылайша, Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының ауданымызда сәтті және тиімді өтуі үшін бәріміз бірігіп жұмыс істейміз керек. Бұл ауыл шаруашылығы сияқты маңызды саланың нақты жағдайын түсініп, оны дамыту үшін қажетті шаралар қабылдауға жол ашады, – дейді Жұмахан Берденқызы.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының өз дәрежесінде өтеріне кәміл сенеміз.

Қарасай ауданы

САҚТАНСаң, Сақтайды!

Қауіпсіздік шаралары түсіндірілді

Жылыту маусымына байланысты облыстық төтенше жағдайлар департаменті мен «Жастар рухы» жастар қанатының еріктілері бірігіп, Қонаев саяжайы тұрғындарының үйін аралап, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндірді. Басты мақсат – өрттің алдын алып, оның әсерінен болатын адам шығынын болдырмау.



Суретті түсірген – Діпа ДӘУІТБЕКОВА

● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА ●

– Өткен жылы өрттен 13 адам зардап шегіп, өкінішке қарай, оның 10-ы қаза тапты. Алдыңғы жылы 20 адам өрттен болатын келенсіз жағдайға тап болған. Бірақ соңғы бес жылда профилактикалық шаралардың арқасында тілсіз жаудың құрбаны болғандар саны азайып келеді. Өрт тұтануының 80 пайызы электр жабдықтарын дұрыс пайдаланбаудан болады. Жылыту маусымында пеш қолданатын үйлерге көбірек көңіл бөлеміз. Одан шығатын улы газдан бір отбасы толық қайтыс болған жағдайлар баршамызға мәлім. Әлеуметтік осал топтағы отбасыларға әкімдікпен біріге отырып, үйлеріне арнайы құрылғы орнатып, көмек көрсететін боламыз, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Арман Мәкенов.

Үйлерді аралау барысында ТЖД қызметкерлері қарапайым, бірақ аса маңызды қауіпсіздік ережелерін түсіндірді. Олар электр сымдарының жарамдылығын үнемі тексеріп отыру керегін, ұзақ уақыт қосылуы тұрған құрылғыларды қараусыз қалдырмау қажеттігін ескертті. Пеш жағатын отбасыларға есікті ашық қалдырмай, түгін мұржаларын жиі тазалап тұру ұсынылды. Газ баллондарын пайдаланғанда да қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігі, әрбір үйде улы газдан сақтайтын құрылғы болу тиістігі түсіндірілді. Қызметкерлердің айтуынша, өрт қауіпсіздігі – тек құтқарушылардың ғана емес, әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі.

Тұрғындар да бұл шараға ризашылығын білдірді. Сәрсенгүл Алланиязова мұндай іс-шараның пайдалы екенін айтып, қызметкерлердің ережелерді егжей-тегжейлі түсіндіргенін атап өтті. Оның сөзіне, жылыту маусымы қарсаңында сақтық шараларын қайта еске салу тұрғындар үшін өте маңызды.



ТЕМІРҚАЗЫҚ

ТІЛ – ТҰТАСТЫҚ ТҰҒЫРЫ



Жыл басынан бері облыс бойынша 1494 адам қандас мәртебесін алды. Облыс әкімі Марат Сұлтангазиев елге қоныс аударған қандастарға мемлекеттік тілді оқыту және бейімдеу шараларын тиімді ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырма берді.

Осыған орай облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының аудандық және қалалық филиалдарында мемлекеттік тілді оқытумен қатар «Бір терезе» қағидаты негізінде әлеуметтік көмек алу, кәсіптік дағдыларын жетілдіру, құқықтық сауатын арттыру бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Қарасай аудандық филиалында қандастарға арналған арнайы топтар ашылып, жүйелі тіл сабақтары өтуде. Қазіргі таңда филиалда екінші жартыжылдық бойынша іс жүргізу курсына 30

адам, екі топ құрылып, тыңдаушылар тұрақты түрде білім алуда. Оқу мерзімі – 3 ай.

Жобаның негізгі мақсаты – қандастардың мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне жағдай жасау, сөйлеу, түсіну, жазу және тыңдау дағдыларын дамыту. Бұл тек тіл үйрету ғана емес, сонымен бірге олардың мәдениетіміз, дәстүріміз, тарихымызбен жақын танысуына мүмкіндік береді. Сабақта тыңдаушылар қазақ тіліндегі тұрмыстық қарым-қатынас үлгілерін меңгеріп, күнделікті өмірде қолдана алатындай деңгейге жетуді көздейді.

Оқыту процесі заманауи әдістеме, көрнекі құрал және интерактивті тәсілдермен жүргізіледі. Әр топ апта сайын онлайн форматта жиналып, ауызекі сөйлесуді жаттықтырады, тақырыптық мәтіндермен жұмыс істейді, ұлттық мереке кезіндегі іс-шараларға қатысады. Мұндай сабақтарда тек тіл ғана емес, қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық тағамы, тарихы мен өнері жайлы да мол мағлұмат беріледі. Қандастар сабаққа зор қызығушылықпен қатысып, үй тапсырмасын да тиянақты орындауға тырысып жүр.

«Атамекен» кәсіпкерлік палатасы және мансап, көші-қон, халыққа қызмет көрсету орталығы мамандарымен қандастардың мемлекеттік тілді меңгеруіне қолдау көрсету, мемлекеттік және қоғамдық бағдарламаларды түсіндіру, құжаттардың мерзімі, толтырылуы туралы ақпарат беру, әлеуметтік және құқықтық, тілдік тұрғыда бағдар беру мақсатында іс-шаралар өтті.

Қазақстанда ресми құжат айналымы, бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру және іс жүргізу кирилл графикасында қалыптасқан. Сондықтан бұл әліпбиді үйрену қандастардың күнделікті өмірге тез бейімделуіне септігін тигізеді. Мұндай игі бастама – ел бірлігін нығайтып, болашағымыздың берік болуына қызмет ететін қадамдар.

Жанар ОРАЗАЛИЕВА,
Алматы облыстық
«Тіл» оқу-әдістемелік орталығы
Қарасай аудандық филиалының
меңгерушісі

ЖИЫН

ӘКЕ ТӘРБИЕСІ – ҮЛКЕН МЕКТЕП

Әке тәрбиесі әлсіресе, қоғам әлсірейді. Себебі бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды. Бүгінде көп отбасындағы ұрпақ тәрбиесі аналарға артылып қалғандай. Кейбір әкелер бала тәрбиесінде бойын алышақ ұстайды.

Ел қорғаны – ұл тәрбиесінде әкенің қамқорлығымен қатар ер-азаматқа тән мінез-құлық дарытар жігері де болуы қажеттігін тілге тиек етіп, нағыз әке ұлын өзінен оздыра тәрбиелеу керек екенін жеткізді.

Ал жас әкелер атынан сөз алған аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы

сінен көреді, тегіне тартқан дейді. «Әкесі, атасы жақсы адам болатын, көргенді бала екен» десіп, әуелі ер адам тәрбиесін ауызға алады. Өйткені әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оның жақсы тәрбиесі. Сондықтан да қазақта әке мектебінен өткен бала сол мұраға қиянат

Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ —

Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында Ұйғыр аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Адал азамат тәрбиелеудегі әке рөлі» атты әкелер құрылтайының екінші отырысы өтті. Аталған шараға құрметті қонақ ретінде Ұйғыр ауданының әкімі Бота Елеусізова, акын, драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының кеңес мүшесі Шаймардан Нұрымов, «Парасат» орденінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы Ызғарбек Бектұрсынов қатысты. Сонымен қатар аудандағы білім ошақтарында оқитын оқушылардың әкелері де осы жиынға арнайы шақыртылды.

Шараның негізгі мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, әкенің беделі мен белсенділігін арттыру, бала тәрбиесіндегі рөлін күшейту. Жиында ел ағалары Нұрлан Оразалин, Шаймардан Нұрымов, Ызғарбек Бектұрсынов аталы ой айтты.



Ақжол Ташкенов «Әкесі ақылмен тәрбие берсе, баласы елге қорған азамат болады» деген қағиданы өз ойына қазық етсе, Долайты орта мектебінің директоры Аршалым Дәулетов «Әке – отбасының тірегі, тәрбие бастауы» екенін кенінен түсіндірді. Құрылтайда тағылымды сөздер көп айтылды.

Қазақ қашанда бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, ең бірінші әке мен ата тәрбие-

жасамауға тырысқан. Міне, бүгінде сол мектептің тәрбиесі әлсіреп отыр.

Аталған құрылтай әке мен бала арасындағы рухани байланысты нығайтып, өскелең ұрпаққа өнеге боларлық мәнді басқосу болды. Болашақта дәл осындай дәстүрлі жиындар түрлі тақырыпты қаузап, жалғасын таппақ.

Ұйғыр ауданы

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Дәстүрді дәріптеген



Қазыналы қарттарға қай кезде де құрмет көрсетсек, артық болмас. Соның бір айқын дәлелі – Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округіндегі Абай орта мектебінде өткен тағылымды шара.

Қарттар күніне орай ұйымдастырылған мерекелік шарада ауыл ақсақалы, қоғам қайраткері, Алматы

облысының Құрметті азаматы, «Парасат» орденінің иегері Токқожа Естенов сөз сөйлеп, ізгі тілегін білдірді.

БАЙҚАУ

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін этножурналистика саласындағы облыстық «Шаңырақ» шығармашылық байқауының жесімпаздары анықталды. Аталған сайыс – қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған маңызды шараның бірі.

Шабыт берген «ШАҢЫРАҚ»



Суретті түсірген – Дина ДӘУМТБЕКОВА

Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

– «Шаңырақ» байқауы – этносаралық татулықты насихаттап, шығармашылық ізденістерге жол ашып, журналистиканың мазмұнын байытуды көздейтін ерекше жоба. Қоғамда қалыптасқан бейбіт өмір мен тұрақтылықты ақпарат алаңында дәріптеу – үлкен жауапкершілік. Бұл бағытта қалам тербеп жүрген әрбір журналистің еңбегі бағалы. Байқауға келіп түскен жұмыстардың барлығы мазмұнды, мағыналы болуымен ерекшеленді. Қатысушылар кәсіби шеберлігі мен азаматтық ұстанымын көрсете білді. Әділқазылар алқасы әр материалды мұқият қарап, лайықты үміткерлерді анықтады, – деген облыстық ішкі саясат басқармасы этносаралық қатынастарды дамыту бөлімінің басшысы Салтанат Нұрахметова жүлдегерлерді марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша «Жетісу» телеарнасының режиссері Жанар Рахимова топ жарып, бас жүлдені еншілесө, аталған телеарнаның бейнеоператоры Нұрбек Жайдарбек 1-орынды иеленді. «Алатау арайы» газетінің бөлім редакторы Айжарық Көптілеуов пен ҚР Президенті іс басқармасы медицина орталығы ұлттық госпиталі баспасөз бөлімінің журналисі Жазира Елшібаева 2-орыннан көрінді. Жүлделі 3-орын «Оғни Алатау» газетінің веб-сайт редакторы Карина Балтабай, видеограф-блогер Дамир Нұрқасым мен «Оғни Алатау» газетінің веб-сайт редакторы Жанар Мықтыбаеваға бұйырды. «Алатау арайы» газетінің Жамбыл ауданы бойынша меншікті тілшісі Серік Сатыбалдиев, «Оғни Алатау» газетінің жауапты хатшысы Айнұр Төлеуханқызы мен Ұйғыр ауданы бойынша меншікті тілшісі Әсел Мұқашеваға ынталандыру сыйлығы табысталды. Жеңімпаздарға грамота, ақшалай сертификат пен арнайы сыйлық берілді.

Қонаев қаласы

ӘДЕБИ КЕШ

Қаламгермен кездесу

Іле ауданында орналасқан №39 мектеп-гимназиясында «Ана тілім – ұлттық рухымының қайнары» атты әдеби-сазды кеш өтті. Аталған шараға арнайы қонақ ретінде жергілікті қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Жанар Әбдішова шақырылды.

Кештің басты мақсаты оқушыларды жазушының шығармашылығымен таныстырып, жас ұрпаққа туған жерді, Отанды, ана тілді сүюді насихаттау, адамгершілік пен патриоттық рухты қалыптастыру болды.

Іс-шараны мектептің талантты оқушылары жүргізіп, әдеби-сазды бағдарлама ұсынды. Алдымен Жанар Әбдішованың өмір жолына арналған слайд көрсетіліп, оқушылар ана тілі туралы өлеңдер оқыды. Сондай-ақ жас өнерпаздар күй мен әннен шашу шашып, кеш шырайын кіргізді.

Кездесу барысында оқушылар жазушының шығармашылығына шолу жасап, «Дүние – бекет, адам – керуен», «Өмір сүргім келеді», «Үмітпен өткен дүние-ай» атты кітаптары жайлы баяндама жасады. Жазушы оқушылардың қойған сұрақтарына жауап беріп, өзінің өмірлік жолы мен шығармашылық ізденісі туралы әңгімелеп берді.

Кеш соңында мектеп директоры Ерболсын Маткаримов қаламгерге алғыс айтып, мектеп ұжымы атынан құрмет көрсетті. Оқушылар жазушыға гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табыстады.

Осындай тағылымды кездесулер жас ұрпақтың рухани дамуына, ана тілін қастерлеуіне зор ықпал етері сөзсіз.

Жадыра ӨМІРЗАҚОВА,
№39 гимназиясының 11-сынып оқушысы
Іле ауданы

МАМАН МІНБЕРІ

Қауіпті індеттен қорғайды

Құтыру – адамдар мен жануарлар үшін аса қауіпті, өлімге әкелетін жұқпалы ауру. Ол негізінен ит, мысық және жабайы жыртықшытар арқылы тарайды. Вирус ауру жануардың сілекейі арқылы тістегенде немесе жараза түскенде жұғады. Бұл дерт адам мен жануардың жүйке жүйесін зақымдап, емделмейтін күйге ұшыратады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жыл сайын әлемде шамамен 59 мың адам құтыру салдарынан көз жұмады. Олардың басым бөлігі – ит тістеген балалар.

Құтырудан қорғандың ең тиімді жолы – алдын алу шараларын сақтау. Ит пен мысықты уақытылы вакциналау олардың денсаулығын ғана емес, отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді. Сонымен қатар иесіз жүрген жануарлармен байланысқа түспеу керек. Адамды жануар тістеп немесе тырнап алған жағдайда жараны сабынды жылы сумен 15 минут бойы жуу, содан кейін дәрігерге дереу қаралу қажет. Себебі алғашқы сағаттар – аурудың алдын алуда шешуші кезең. Сондай-ақ иелері үй жануарларын қараусыз қалдырмауы тиіс. Серуен кезінде итке қарғыбау тағу, жануарды қоғамдық орындарға бақылаусыз жібермеу – мәдениетті азаматтың белгісі. Ал ауылдық жерлерде иесіз ит-мысықтарды бақылауға алу да маңызды шаралардың бірі болып саналады.

Өз жануарыңызға қамқор болып, екпеден өткізу арқылы қоғамды қауіпті індеттен қорғай аласыз.

Айғаным ӘБУБЕКОВА,
Алматы облысы ветеринариялық
стансасының маманы

ӨЗ ТІЛШІМІЗ
Қарасай ауданы

МАРАФОН

Кегенде өткен марафон тұрғындарды салауатты өмір салтын ұстануға шақырып қана қоймай, қоғамдағы бірлік пен ынтымақтың айқын көрінісіне айналды. «Жастар кеңістігі» ұйымы мен Кеген ауданының әкімдігі ұйымдастырған спорттық шараға тұрғындар белсене қатысты.

Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Жарыс Кегендегі орталық алаңнан басталып, ауылдың кіреберіс қақпасына дейін созылды. Аудан басшысы Нұрбақыт Теңізбаев қатысушыларға сәттілік тіледі. Марафонға 65 жастағы Жаңылхан апамыз

Желаяқтар жарысы



да қатысып, спортқа деген ерекше ынтасы мен қайсарлығын көрсетті.

«Жастардың әр бастаған ісіне дем беріп, жанашыр болып жүрген аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлына, сондай-ақ бізге жан-жақты қолдау көрсеткен Кеген ауылының әкімі Ернат Ысқаққа алғыс білдіремін», – деген «Жастар кеңістігі» ұйымының жетекшісі Аслан Мейіргалиұлы алдағы уақытта да мұндай спорттық шаралар жалғаса беретінін жеткізді.

Жарыс нәтижесі бойынша 5 шақырымдық жарыста қыздар арасында ІІІ орынды Лашын Ринатқызы, ІІ орынды Назым Сәрсенбиева иеленсе, Роза Құрманбаева жүлделі І орын алып, марафон жеңімпазы атанды. Ерлер арасында 10 шақырымдық қашықтыққа жүгірген ІІІ орынды Нұржігіт Тілеубай, ІІ орынды Елікбай Әділет және жүлделі І орынды ауданның желаяғы Айбар Бакытұлы еншіледі. Ал 35 жастан

асқан ерлер бақ сынаған 5 шақырымдық сайыста ІІІ орынды Жотабай Мақсат, ІІ орынды Олжас Сәлімханов иеленсе, Мақсат Базарымбетов І орынға шықты. Жеміспаздар арнайы диплом, медаль және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Белсенділік танытқан барлық қатысушыға «Жастар кеңістігі» атынан марафон медалі табысталды.

Аталған спорттық шара аудан жастарының бірлігін, спортқа деген қызығушылығын арттырғаны анық. Марафон барысында мектеп оқушылары волонтерлік қызмет атқарды. Жастарды қоғамдық ортаға тарта отырып, болашақ ауыл жанашырларын тәрбиелеуді осындай игі шаралардың атқаратын рөлі зор.

Бұл күні қосымша ойындар мен концерттік бағдарламалар да ұйымдастырылып, тұрғындар мерекелік көңіл-күйге бөленді.

Кеген ауданы

ХАБАРЛАНДЫРУ

17.10.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде орналасқан «Қонаев-2» С-IV блогы құрылыс тасы кең орынында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Geobarlau-KZ» ЖШС, БСН: 240140019726, мекенжайы: Алматы к., Әуезов ауданы, Төле би көшесі, 286 ғимарат, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 17.10.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Қонаев-2» блок С-IV, расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Geobarlau-KZ», БИН: 240140019726, г.Алматы, Ауэзовский район, улица Толе би, здание 286, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

17.11.2025 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы Қонаев қаласы Жамбыл даңғылы, 13 мекенжайында «Алматы облысының Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «Қонаев-2» С-IV блок құрылыс тасы кең орының тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Geobarlau-KZ» ЖШС, БСН: 240140019726, мекенжайы: Алматы к., Әуезов ауданы, Төле би көшесі, 286 ғимарат, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

17.11.2025 г. в 11:00 часов по адресу: Алматинская область, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ месторождения строительного камня «Қонаев-2» блок С1-IV, расположенного на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Geobarlau-KZ», БИН: 240140019726, г.Алматы, Ауэзовский район, улица Толе би, здание 286, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13

17.11.2025 жылы, сағат 11:30-да Алматы облысы, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13 мекенжайында «Алматы облысының Қонаев қаласына әкімшілік-аумақтық бағыныстағы жерлерде орналасқан «Қонаев-2» С-III блок құрылыс тасы кең орының тау-кен жұмыстары жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АІм-Geo» ЖШС, БСН: 240140016583, мекенжайы: Алматы к., Әуезов ауданы, «Тауғұл» шағынауданы, 49 үй, 1 блок, 1 корпус, 13 пәтер, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

17.11.2025 г. в 11:30 часов по адресу: Алматинская область, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ месторождения строительного камня «Қонаев-2» блок С1-III, расположенного на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АІм-Geo», БИН: 240140016583, г.Алматы, Ауэзовский район, микрорайон «Тауғұл», дом 49, блок 1, корпус 1, кв.13, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

17.10.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде орналасқан «Қонаев-2» С-III блогы құрылыс тасы кең орынында жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «АІм-Geo» ЖШС, БСН: 240140016583, мекенжайы: Алматы к., Әуезов ауданы, «Тауғұл» шағынауданы, 49 үй, 1 блок, 1 корпус, 13 пәтер, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 17.10.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Қонаев-2» блок С-III, расположенном на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев, Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АІм-Geo», БИН: 240140016583, г.Алматы, Ауэзовский район, микрорайон «Тауғұл», дом 49, блок 1, корпус 1, кв.13, тел: 87076606425, nurik.maman@gmail.com.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.11.2025 жылы, сағат 10:00-де Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «МегаТас-1» кең орынында құм-киршық тас коспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Тегіс Жер» ЖШС, БСН: 180940003160, мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Нұршақпан» шағынауданы, Новостройка көшесі, 424/4 үй, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.11.2025 г. в 10:00 часов, по адресу: Алматинская область, Енбекшһказакский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «МегаТас-1», расположенного в Енбекшһказакском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тегіс Жер», БИН: 180940003160, г.Алматы, Түрксйский район, микрорайон «Нұршақпан», улица Новостройка, дом 424/4, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.11.2025 жылы, сағат 11:30-да Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «МегаТас-1» кең орынында құм-киршық тас коспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Тегіс Жер» ЖШС, БСН: 180940003160, мекенжайы: Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, «Нұршақпан» шағынауданы, «Новостройка» көшесі, 424/4 үй, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.11.2025 г. в 11:30 часов по адресу: Алматинская область, Енбекшһказакский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «МегаТас-1», расположенного в Енбекшһказакском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тегіс Жер», БИН: 180940003160, г.Алматы, Түрксйский район, микрорайон «Нұршақпан», улица «Новостройка», дом 424/4, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.11.2025 жылы, сағат 10:30-да Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «МегаТас-2» кең орынында құм-киршық тас коспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АБДИНУР» Өндірістік компания ЖШС, БСН: 090640018218, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Халиуллин көшесі, 194/10 үй, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.11.2025 г. в 10:30 часов по адресу: Алматинская область, Енбекшһказакский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «МегаТас-2», расположенного в Енбекшһказакском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АБДИНУР» Производственная компания, БИН: 090640018218, г.Алматы, Медеуский район, улица Халиулина, дом 194/10, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.11.2025 жылы, сағат 12:00-де Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «МегаТас-2» кең орынында құм-киршық тас коспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспары» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «АБДИНУР» Өндірістік компания ЖШС, БСН: 090640018218, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Халиуллин көшесі, 194/10 үй, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.11.2025 г. в 12:00 часов по адресу: Алматинская область, Енбекшһказакский район, с.Каракемер, ул.Тастанбеков, 7 будут проводится общественные слушания по проекту «План горных работ по добыче песчано-гравийной смеси на месторождении «МегаТас-2», расположенного в Енбекшһказакском районе Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференцию: идентификатор конференции: 236 019 1471, код доступа: jD3mFL. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «АБДИНУР» Производственная компания, БИН: 090640018218, г.Алматы, Медеуский район, улица Халиулина, дом 194/10, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Қурманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

18.11.2025 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаракемер ауылы, Тастанбеков көшесі, 7 мекенжайында «Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Талдыбұлақ-1» кең орында құм-киршық тас коспасын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 236 019 1471, қатынау коды: jD3mFL. Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Балтас» ЖШС, БСН: 230440040139, мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 84 үй, 98 пәтер, тел: 87010572242, t.sanar@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А.Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

18.11.2025 г. в 11:00 часов по